**Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзегеа сыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларына 2-қосымша**
**нысан**

**Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттама**

**Шымкент қаласы білім басқармасының «№1 өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне өзге де қорларды(перделер) сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы**

**Конкурсты ұйымдастырушы Шымкент қаласы білім басқармасының «№1 өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі E-Mail: det_dom-4@mail.ru Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын алабы, Әмір Темір, көшесі №218, БСН 991140002988.**
**Мекеменің ресми сайты https://balalaruiy4.kz/**

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс өнім берушіні таңдау мақсатында өткізіледі (көрсетілетін тауарлар немесе қызметтер атауын көрсету).

2. Тауарларды немесе көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі осы конкурс үшін бөлінген сома **5 186 500,00 (бес миллион бір жүз сексен алты мың бес жүз теңге 00 тиын) теңге 00 тиынды құрайды. Сома ҚҚС сомасымен қоса берілген**.

Осы Конкурстық құжаттама мыналарды:

Конкурстық құжаттамаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

Конкурстық құжаттамаға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырманы;

Конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес таңдау өлшемшарттарын;

Конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қамтиды;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу

үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

1) Кепілдік жарнаны орналастыруға арналған депозиттік шот
**«Шымкент қаласы білім басқармасының «№1 өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**БСН 991140002988**
**БСК KKMFKZ2A**
**ЖСК KZ39070502360E066001**
**Банк атауы "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ**
**КБЕ 11**

2) **Банктік кепілдік.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2016 жылғы 30 маусымдағы №412 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14223 болып тіркелген) Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларының 24-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі **Құжаттар пакетін 2023 жылғы «06» желтоқсан 12 сағат 00 минут мерзімге дейін конкурсты ұйымдастырушының «Шымкент қаласы білім басқармасының «№1 өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі E-Mail: det_dom-4@mail.ru Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын алабы, Әмір Темір, көшесі №218, БСН 991140002988 Мекеменің ресми сайты https://balalaruiy4.kz/**

Әлеуетті өнім беруші құжаттарды конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, парақтары нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен (болған жағдайда) бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы белгілеген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

**«15» қараша 2023 жыл**
**Директор А.Бектемисова**
**_______________________**
**М.О.**